

Қ. Сарқытқан , С.К. Әмірбекова* 

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru

ТАРИХ ЖӘНЕ КАРТОГРАФИЯ: ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ИСЛАМ МЕН ХРИСТИАН КАРТОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТТЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Тарих пен география – уақыт пен кеңістікті бейнелейтін іргелі ұғымдар. Осы екі философиялық концепцияның тоғысқан жерінен адамзат өркениеттері бастау алды. Өркениет – мәдениеттің тереңдетілген және кең тараған деңгейі. Өркениеттер бізге мәдени және ғылыми мұра ретінде тарихи карталарды қалдырды. Бұл карталар – өткеннің құнды дереккөзі ғана емес, сонымен қатар, кеңістіктік танымның көрінісі. Адамзат қоғамының дамуымен бірге карта жасау ісі дербес ғылыми бағытқа айналып, **картография** ғылымы ретінде қалыптасты. Бастапқыда географияның бір саласы саналғанымен, ғылыми-техникалық прогресс әсерінен картография қазіргі таңда кешенді зерттеу саласына айналды. Осы зерттеудің мақсаты – ортағасырлық ислам әлемі мен христиан дүниесінің картографиялық дәстүрлері салыстырылып, олардың дүниетанымдық, мәдени ерекшеліктері талдау. Бұл салыстыру арқылы екі ірі өркениеттің тарихтағы орнын ғана емес, олардың бүгінгі жаһандық үдерістерге қатысу деңгейін де бағамдауға мүмкіндік туады. Әсіресе қазіргі мұсылман әлемінің жаһандану дәуіріндегі орны мен геосаяси сын-қатерлерге қарсы тұру қабілеті тұрғысынан мәселені қарастыру өзекті болып отыр.

Мақаланың ауқымдылығы мен маңызына және мақсат-міндеттеріне байланысты тарихи-генетикалық әдісті қолданамыз. Бұл арқылы картография ғылымының шығу тегін, эволюциялық дамуын және өркениеттер арасындағы картографиялық дәстүрлердің пайда болуын зерттей аламыз. Бұдан бөлек, салыстырмалы талдау, мәтін талдау әдістері бойынша ортағасырлық дереккөздер, карталар мен олардың сипаттамалары арқылы идеологиялық және ғылыми мазмұнын талдай аламыз. Пәнаралық әдісті қолданып, география, тарих, мәдениеттану, философия және саясаттану сияқты бірнеше ғылым саласының шекарасында тұрған мәселені кешенді қарастыра аламыз. Бұл әдістер арқылы картаны тек географиялық құрал ретінде емес, мәдени-танымдық феномен ретінде де қарастыруға болатынына көз жеткіземіз.

Ғылыми зерттеулер мен тарихи деректерге сүйенсек, адамзат өркениетінің даму үдерісінде ислам әлемі ғылым мен білім саласында аса ірі жетістіктерге қол жеткізгені анық байқалады. Ортағасырлық кезеңде мұсылман әлемі медицина, математика, астрономия, философия және өзге де ғылым салаларында әлемдік деңгейде ілгері дамып, кейінгі өркениеттердің қалыптасуына елеулі ықпал етті. Алайда, тарихтың белгілі бір кезеңдерінде орын алған саяси тұрақсыздықтар, мәдени трансформациялар, экономикалық және әлеуметтік дағдарыстардың салдарынан ислам әлемінің ғылыми көшбасшылығы әлсіреп, тарихи сахнадағы орны кейінгі қатарға ысырылды. Қазіргі жаһандану жағдайында мұсылман әлемінің жаһандық геосаяси және геоэкономикалық орталықтарға тәуелділігі артып отырғаны байқалады. Бұл жағдайды еуроцентризм тұрғысынан біржақты бағалау – тарихи әділеттіліктен алшақ түсетін ұстаным.

Тарихи-өркениеттік дамудың циклдік сипатын ескере отырып, әлемдік үстемдік пен өркениеттің мәңгілік сипатқа ие еместігін, әр дәуірдің өзіндік ерекшелігімен алмасып отыратынын, ғылыми-техникалық және мәдени прогрестің кезең-кезеңімен дамитынын пайымдауға болады. Демек, қазіргі әлемдік тәртіп те өзгермелі, ал бұл өзгерістерде ислам әлемінің жаңғыру мүмкіндігі мен ғылыми әлеуетін қайта жандандыру әлеуеті бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Әсіресе өркениеттер арасындағы қақтығыстар мәселесінде өзгерістер мен тарихи шынайылық арасындағы салыстырмалы тәртіпті сақтай білудің маңызы жоғары болмақ.

Түйін сөздер: картография, мәдениеттерді салыстырмалы талдау, тарихи карталар, ортағасырлық ислам картографиясы, христиан картографиясы, өркениеттер қақтығысы, жаһандану және геосаясат.

K. Sarkytkan, S.K. Amirbekova*

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru

History and cartography: medieval islamic and christian cartography and the clash of civilisations

History and geography are fundamental concepts that represent time and space. From the intersection of these two philosophical concepts, human civilisations emerged. Civilisation is a deepened and widespread level of culture. Civilisations have left us historical maps as a cultural and scientific heritage. These maps are not only valuable sources of the past but also a reflection of spatial perception. With the development of human society, map-making evolved into an independent scientific field, forming the basis of cartography as a science. Initially considered a branch of geography, cartography has, under the influence of scientific and technical progress, become a comprehensive field of study today. The purpose of this research compares the cartographic traditions of the medieval Islamic world and the Christian world, analysing their worldview and cultural characteristics. This comparison allows us to evaluate not only the historical roles of these two major civilisations but also their level of participation in today's global processes. In particular, the issue of the contemporary Muslim world's place in the era of globalisation and its capacity to confront geopolitical challenges is of significant relevance.

Given the scope and significance of the article, as well as its objectives and tasks, we apply the historical-genetic method. This allows us to study the origins of cartographic science, its evolutionary development, and the emergence of cartographic traditions among different civilisations. In addition, through comparative and textual analysis methods, we examine the ideological and scientific content of medieval sources, maps, and their descriptions. By employing an interdisciplinary approach, we can comprehensively explore this issue, which lies at the intersection of several fields such as geography, history, cultural studies, philosophy, and political science. These methods enable us to view the map not merely as a geographic tool, but also as a cultural and cognitive phenomenon.

Based on scientific research and historical records, it is evident that the Islamic world achieved significant advancements in science and education throughout the development of human civilisation. During the medieval period, the Muslim world made remarkable progress in fields such as medicine, mathematics, astronomy, philosophy, and other sciences, playing a crucial role in shaping subsequent civilisations. However, due to periods of political instability, cultural transformations, and economic and social crises, the Islamic world's scientific leadership declined, and its prominence on the historical stage diminished. In the current context of globalisation, there is an increasing dependency of the Muslim world on global geopolitical and geoeconomic centres. Evaluating this situation solely from a Eurocentric perspective would be a stance far removed from historical fairness.

Taking into account the cyclical nature of historical and civilisational development, it can be reasoned that global dominance and civilisation are not eternal; each era is marked by its own distinctive features, and scientific, technological, and cultural progress unfolds in stages. Therefore, the current global order is also subject to change, and within these changes lies the potential for the Islamic world to experience a revival and to restore its scientific capacity. In particular, when addressing the issue of conflicts between civilisations, it is essential to maintain a balanced perspective that respects both change and historical realities.

Keywords: cartography, comparative analysis of cultures, historical maps, medieval Islamic cartography, Christian cartography, clash of civilisations, globalisation and geopolitics.

К. Саркытқан, С.К. Амирбекова*

Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

*e-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru

История и картография: средневековая исламская и христианская картография и столкновение цивилизаций

На пересечении истории и географии – фундаментальных категорий, отражающих время и пространство, – зарождались и развивались человеческие цивилизации. Каждая цивилизация, представляющая собой глубокий и широко распространённый уровень культуры, оставила нам в наследие исторические карты. Эти карты – не только ценный источник знаний о прошлом, но и отражение пространственного восприятия, являющееся культурным и научным достоянием. С развитием общества картография оформилась как самостоятельное научное направление. Хотя изначально она считалась разделом географии, под влиянием научно-технического прогресса картография превратилась в комплексную междисциплинарную область исследований.

Цель данной работы – провести сравнительный анализ картографических традиций средневекового исламского мира и христианского Запада, и рассмотреть их мировоззренческие и куль-

турные особенности. Это сопоставление позволяет оценить историческую роль двух великих цивилизаций и их вклад в современные глобальные процессы. Особую актуальность представляет вопрос о месте мусульманского мира в эпоху глобализации и его способности противостоять современным геополитическим вызовам.

Методология исследования. Для реализации целей и задач статьи используется историко-генетический метод, который позволяет изучить происхождение и эволюцию науки картографии, а также формирование картографических традиций в различных цивилизациях. Методы сравнительного и текстового анализа применяются для исследования идеологического и научного содержания средневековых источников, карт и их описаний. Междисциплинарный подход, объединяющий географию, историю, культурологию, философию и политологию, позволяет рассматривать карту не только как географический инструмент, но и как культурно-познавательный феномен.

Анализ исторических процессов и современного состояния. На основе исторических данных и научных исследований очевидно, что в процессе цивилизационного развития исламский мир достиг выдающихся успехов в науке и образовании. В Средние века мусульманские учёные внесли значительный вклад в медицину, математику, астрономию, философию и другие науки, оказав тем самым существенное влияние на последующее развитие цивилизаций. Однако в определённые исторические периоды политическая нестабильность, культурные трансформации и социально-экономические кризисы ослабили научное лидерство исламского мира, отодвинув его на второй план.

В условиях современной глобализации наблюдается усиление зависимости мусульманского мира от глобальных геополитических и геоэкономических центров. Оценка этой ситуации исключительно с позиций евроцентризма является подходом, далёким от исторической объективности.

Учитывая циклический характер исторического развития, можно утверждать, что мировое господство не является вечной категорией. Каждая эпоха сменяется другой, и научно-технический и культурный прогресс развивается поэтапно. Следовательно, современный мировой порядок также подвержен изменениям, и в этом контексте нельзя исключать потенциал исламского мира к обновлению и восстановлению своего научного потенциала. Важно сохранять сбалансированный подход, учитывая как историческую реальность, так и динамику современных цивилизационных процессов, особенно в вопросах конфликтов между цивилизациями.

Ключевые слова: картография, сравнительный анализ культур, исторические карты, средневековая исламская картография, христианская картография, столкновение цивилизаций, глобализация и геополитика.

Кіріспе

Карта – Жер бетінің немесе оның жекелеген физикалық, әлеуметтік-экономикалық, әкімшілік, табиғи нысандары мен құбылыстарының шартты белгілер және картографиялық проекциялар арқылы белгілі масштабта кішірейтіліп берілген жалпыланған әрі символдық бейнесі. Карта – тек кеңістіктік орналасуды бейнелеу құралы ғана емес, сонымен қатар географиялық көріністің күрделі және көпқырлы бейнеленуі болып табылады. Бұл анықтамалар картаның тек қолданылмалы құрал емес, адамзат өркениетінің маңызды танымдық және коммуникативтік тетігі екенін көрсетеді (<https://education.nationalgeographic.org>).

Картография – карталарды жасау мен пайдаланудың теориялық және практикалық негіздерін зерттейтін ғылым саласы. Ол табиғи және әлеуметтік-экономикалық үдерістерді кеңістікте бейнелеу арқылы белгілі бір ғылыми мақсаттарға жетуге, нақты міндеттерді шешуге бағыттала-

ды. Картография тарихы адамзат өркениетімен бірге дамығанымен, оның нақты қай кезеңде ғылым ретінде қалыптасқаны туралы нақты айту қиын. Дегенмен, теориялық негіздерінің Ежелгі Грекия дәуірінен бастау алатыны анық. Міне осындай ұзақ тарихи эволюция барысында географиядан дараланып шықты. Әйтсе де, тарихи тұрғыда ол географиямен тығыз байланысты дамығандықтан, көп уақыт бойы география ғылымының бір тармағы ретінде қарастырылып келді.

Алғашқы карталар қарапайым әрі айқын болғанымен, олар сол дәуірдегі қоғам үшін жоғары практикалық мәнге ие болды. Сондықтан да сауатсыз адамдар да картаны жасау және пайдалануға мүмкіндігі болды. Демек, карта сауаттылықты талап етпейтін, әмбебап ақпарат құралы болды.

Уақыт өте келе ғылыми-техникалық прогресс картография саласына жаңа серпін берді. Кеңістіктік деректерді жинау мен өңдеудің күрделенуі, дәлдіктің артуы, математикалық

модельдердің енгізілуі қазіргі заман карталарының сапасын мүлде жаңа деңгейге көтерді. Осылайша, тарихи карталарды зерттеуде оларды заманауи деректермен салыстыра отырып, географиялық нысандар мен құбылыстардың ұзақ мерзімді динамикасын кешенді түрде талдау маңызды болып отыр (San-Antonio-Gómez C., Velilla C., Manzano-Agugliaro F., 2014: 47–58).

Картография саласының дамуында географтардың үлесі айрықша болғанымен, инженерлер, математиктер, тарихшылар, архитекторлар мен басқа да сала мамандарының еңбегі де зор болды. Бұл – картографияның пәнаралық ғылым екенін және оны игеру кез келген маман үшін артық етпейтін әмбебап білім саласы екенін дәлелдейді (Gümüşçü, O., 2010).

Жоғарыдағы айтылған тұжырымдарға негізделгенде картография ғылымы жан-жақтылықты, шынайылықты әрі дәлдікті талап ететін пәнаралық күрделі ғылым екенін түсіндік. Демек, есте жоқ ескі замандарда картаны жасау және оны тиімді пайдаланудың үлкен жетістік екендігі анық. Ол халықтың білім және іскерлік деңгейін, қолданылмалы техникаларға шеберлігін көрсететін басты көрсеткіш болған. Картографияның дамыған ортағасырлық кезеңін алып қарастырсақ, әлемде екі түрлі картографиялық бағыт қалыптасып, дамып отырған. Былайша айтқанда, исламдық және христиандық бағыт. Бүгінгі көзқараспен қарағанда, әрине батыстық немесе христиандық бағыттағы карталардың ғылымилығы жоғары болу керек деп ойлауымыз мүмкін. Алайда, сол кездегі шынайы өмірде, керісінше мұсылман ғалымдарының картографиялық еңбектерінің ғылыми деңгейі жоғары болған.

Біз бұл мақалада осы екі түрлі бағыттағы картография саласын салыстыра талдауды негіз етеміз. «Не үшін салыстыру керек?», – деген сұраққа берер жауабымыз: Ортағасырлық ислам картографиясы мен христиан әлемі картографиясын салыстыру – бұл тек карталар арасындағы айырмашылықты тану ғана емес, сонымен бірге өркениеттік дүниетаным, ғылыми даму, мәдени алмасу және танымдық көзқарастарды талдаудың маңызды тәсілі екенін ашып көрсету. Біз осындай салыстыру негізінде бірнеше маңызды нәтижелерге ие боламыз:

– **Әртүрлі дүниетанымдар туралы дұрыс түсінікке ие боламыз.** Мәселен, Ислам картографиясы гүлденген кезеңде (VIII–XIV ғасырлар) ғылыми, астрономиялық және математикалық білімге негізделді. Оған Птолемей еңбектерінен

бастап, парсы мен үнділік дәстүрлі тәсілдер, эмпирикалық деректер негіз болды. Ал христиандық ортағасырлық картография көбінесе символдық және теологиялық сипатта болды. Мысалы, «Т» және «О» карталарында Йерусалим орталықта орналасып, әлем Қасиетті жазбалар негізінде бейнеленді. Біз осы екі түрлі үлгіні салыстыру арқылы әр өркениеттің әлемді қалай танып-білгенін, оның діни, философиялық және мәдени негіздерінің қайнары мен қасиетін түсінуге мүмкіндік аламыз.

– **Ғылыми-техникалық прогресті ашуда ислам өркениетінің антикалық білімді дамыта отырып, Еуропалық ренессансқа оң әсер еткенін көрсетеді.** Ғылыми әдебиеттерде карта – таңдап алынған кеңістіктік деректер мен сипаттарды бейнелейтін, символдар жүйесіне негізделген географиялық шындықтың абстрактылы үлгісі ретінде сипатталады (Bromberg K.D., Bertness M.D., 2005: 823–832). Демек, картография шынайылықты образды түрде бейнелеудегі ғылыми тәсілдің жетілген үлгісі. Мәселені осы тұрғыдан қарағанда ислам әлемінің картографиясында ғылымилық тәсіл басым болды деп айтуға болады. Мәселен, әл-Идриси картасы (Мұхаммед әл-Идриси, 1099–1166 жж.). Әл-Мамуни картасынан кейін әлемдік деңгейде танымалдыққа ие болған ислам ғалымының картасы. 1154 жылы аяқталған «صورة الأرض» (Сурат әл-ард/ Жер бейнесі) атты әлем атласы мен атласқа түсіндірме ретінде жазылған «نزهة المشتاق في اختراق الآفاق» (Әлемді саяхаттауға құштар жандардың қуанышы) атты еңбегінің тарихи және ғылыми маңызы өте зор болды. Бұл картаның басты ерекшелігі – әлемді жеті аймақ, он климаттық белдеуге бөліп, оларға араб тілінде сипаттама берген. Бұның да өзіндік себебі бар. Ол кезде ислам өркениеті құлашын кең жайып, араб тілі – ғылым тілі деңгейінде өмір сүрген (Қ.Саркытқан, Е.Ерблат, Н.Сәндібай – 2024: 44–58) Осы кезеңдегі еуропалық карталар, керісінше, ғылыми дәлдікке емес, діни-символдық мазмұнға көбірек негізделді және тек қайта өрлеу дәуірінен кейін нақтылана бастады.

– **Мәдени алмасу негізінде өркениеттердің қалыптасатынын, олардың оқшау дамымайтындығын, үнемі ықпалдастықта болатынын көре аламыз.** Мәселен, ислам мен христиан әлемі арасындағы сауда, саяхат, білім алмасу, соғыс (мысалы, крест жорықтары секілі) және өзге де ауыс-түйіс, қозғалыстар үздіксіз жүріп, байланысты сақтап отырған. Осы барыста исламдық географиялық білім латын әлеміне Испания мен

Сицилия арқылы сол елдердің тілінде аударылған еңбектер қатарында жеткізіліп келген.

– *Карталардың қызметі мен қолдану мақсатын айқындау арқылы әр өркениеттің әртүрлі әлеуметтік деңгейін саралай аламыз.* Мысалы, исламдық карталар көбінесе навигациялық (құбыланы анықтау немесе намаз уақытын есептеу) немесе әкімшілік мақсатта пайдаланылды. Христиандық карталар көбінесе діни-оқыту мақсатында, теологиялық дүниетанымды көрсету үшін қолданылды. Демек, карталар қоғамда әртүрлі қызмет атқарып, әртүрлі өркениеттің әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандырып отырған.

Еуроцентристік тарихи көзқарастарға қарсы тұру үшін ғылыми негіз бола алады. Мәселен, ислам және христиан картографиясын салыстыру – тарихты тек еуропалық тұрғыдан емес, жалпы кең ауқымдағы өркениеттік контексте түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ислам өркениетінің тек мұрагер емес, сол мұраны байытып, кейін Еуропаға жеткізуші рөлін де нақтылайды. Осыларды жинақтай келгенде, ортағасырлық ислам мен христиан картографиясын салыстыру – тек географиялық карталарды зерттеу ғана емес, бұл – дүниетанымдар, білім жүйелері, өркениетаралық өзара ықпалдастық пен адамзаттың зияткерлік мұрасын бағалау жолы болып табылады. Мұндай салыстыру адамзаттың әлемді қалай танығанын, оған қалай бейімделгенін және білім мен мәдениетті қалай бөліскенін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Тарихи карталарды зерттеу өте ауқымдылықты, шынайылықты және жан-жақтылықты талап ететіндіктен бұл саладағы зерттеу жұмыстарында көптеген әдістер қолданылады. Мәселен, тарихи-деректемелік әдіс арқылы археологиялық жәдігерлерді, жазбаша деректерді және ғылыми әдебиеттерді зерделеп, сұрыптай аламыз; тарихи салыстырмалы талдау әдісі негізінде ортағасырлық христиан және ислам картографиясының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын және деңгейін саралай аламыз; ал карталарға қатысты діни, саяси және мәдени контекстерді ашу арқылы олардың қоғамдағы рөлдері талдауда мәдени-контекстуалды әдісті қолданамыз; ежелгі елді-мекендерге және тарихи оқиғаларға байланысты материалдар мен ресми құжаттар пайдалануда құжаттық әдістер пайдаланылады; Бұлардан басқа, географиялық

үлгілеу, картографиялық, баяндау сондай-ақ мұрағаттық, индукциялық, дедукциялық әдістер қолданылды.

Әдебиетке шолу

Мақалаға пайдаланылған ғылыми материалдар тарихи картографияға және оның даму үдерісі мен әрқайсы аймақтар мен мәдениеттердегі ерекшеліктерін саралап, зерттеген шетелдік авторлардың еңбектері негіз етілді. Мысалы, картаның пайда болуы мен ғылыми құрал ретінде даму үдерісіне қатысты мәліметтер АҚШ ғалымдары Bromberg K.D., Bertness M.D материалдарынан алынды. Ал тарихи карталарды географиялық нысандар ретінде зерттеудің әдіс-тәсілі Мадрид университетінің картографиялық инженерия және геодезия саласының ғалымы Карлос Сан-Антонио-Гомес және оның әріптестерінің «Urban and landscape changes through historical maps» еңбегінен алынды. Картаның тарихи маңызы мен оның қазіргі заманғы даму болашағы туралы мәліметтер түркияның тарих-география ғалымдары Osman Gümüşü-тің «Historical geography» еңбектерінен алынды. Ежелгі теңіз сауда жолдары мен порттары және аймақтағы сауда қатынастары туралы құнды мәліметтерді Bodleian Library-дің XVII ғасырдағы «Selden Map of China» картасынан пайдаланылды. Бұлардан басқа тарихи зерттеулерде географиялық ақпараттық жүйелерді (GIS) пайдаланудың маңызы яғни, тарихты кеңістіктік тұрғыдан зерттеу әдістері жөніндегі ұсыныстарды Ian N. Gregory & Alistair Geddes «Toward Spatial Humanities: Historical GIS and Spatial History» еңбегінен ал карталардың мәдениет, ғылым және қоғамдағы маңызын Thrower, N. J. W. «Maps & Civilization: Cartography in Culture and Society» еңбегінен қарастырылды. Отандық ғалымдардан география институтының ғалымы Сламқұл Әбдірахмановтың «Қазақ жерінің каталогы» және Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты ғалымы Қастер Сарқытқанның «Тарихи карталар және геосаясат: байырғы мәдениет, мемлекеттік мүдде және шекаралық шиленістер» атты еңбектері қолданылды.

Нәтижелері мен талқылама

Мақаланың негізгі мақсаты мен мазмұнын ашу үшін зерттеуге негіз болып отырған тарихи карталардың немесе картографияның жалпы адамзаттың даму тарихында қандай келелі

міндеттер атқарғанын сараптап алғанды жөн көрдік. Сол арқылы картографияның түрлі өркениеттердің өмір сүруі мен өркендеуіндегі маңызына және атқарған рөліне баға беруге болады деп тұжырымдауға болады. Бұдан карталардың тарихи маңыздылығы – адамзаттың қоршаған ортаны танудағы алғашқы кеңістіктік дерекнама болуымен байланысты екендігін біле аламыз (Bromberg, Levin 2010: 823–832). Адамзат карталарды пайдалануды бастаған есте жоқ ескі замандардан бүгінге дейінге даму кезеңінде ол

өртүрлі маңыз бен мақсатты атқарып, түрлі қызмет өтеп келді. Төменде карталардың басты қызметтерін айқындап кетейік:

Картография – тарихи көзқарас құралы ретінде қызмет атқарды. Мысалы, ежелгі өркениеттердің карталары – мысалы Вавилон, Птолемей карталары, ислам әлемінің карталары мен Қытайдың ескі атластарының бәрі де – сол кездегі қоғамның тыныс-тіршілігі мен мәдени өмірінен тіпті, ғарыштық (космологиялық) түсініктері туралы біршама терең мағлұмат береді.



1-сурет – Маппа Мунди картасы және ондағы Иерусалим қаласының орналасуы (<https://www.themappamundi.co.uk/mappa-mundi>)

Мәселен, Герефорд Соборында (Ұлыбритания) әлемдегі бірегей ортағасырлық қазыналардың бірі Маппа Мунди (*Mappa Mundi*) орналасқан. Ол веллумға (*сүтқоректілердің терісінен өңдеп жасалған жазу немесе басып шығаруға арналған материал Қ.С*) салынған, өлшемі 1,59 x 1,34 метр. Ғалымдардың пайымдауынша, ол шамамен 1300 жылы жасалған және XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында христиандық еуропадағы адамзаттың тарихын, географиясын және тіршілігі мен наным-сенімін бейнелеген. Иерусалим әлемнің орталығы ретінде картаның ортасында салынған. Бұл ортағасырлық христиандық дүниетанымның нәтижесі.

Мин әулетінің теңіз карталары Оңтүстік-Шығыс Азиядағы сауда жолдарын көрсетіп, сол дәуір адамдарында халықаралық қатынастар туралы біршама жоғары түсініктің болғанын дәлелдеді. Мин Әулетінің Шығыс-Батыс Мұхитының бағдарлық түрлі-түсті теңіз картасы шамамен 1610-1620 жылдары салынған. Картина бастапқыда Британдық заңгер Джон Селденнің

(1584-1654 жылдары жасаған) жеке коллекциясында болған, 1659 жылы Оксфорд университетінің Бодлин кітапханасына сыйға тартылған, сондықтан оны «Селден картасы» деп те атайды. Бұл картада 105 жер атауы көрсетілген, қамтитын аймақтар: қазіргі Жапония, Корея түбегі, Оңтүстік-Шығыс Азия және Үндістанның бір бөлігі. Қытай иероглифтерімен қатар латын әріптерімен берілген топонимдер де бар. Картада қытайдың Фуцзянь провинциясынан Жапонияның Рюкю қаласына және оңтүстік Қытай теңізі арқылы Оңтүстік-Шығыс Азияға дейінгі екі бағытты белгілеу үшін қара сызықтар қолданылған.

Карта толықтай қолмен, түрлі түспен салынған. Ұзындығы шамамен 1.5 метр (шамамен 160 см), ені 1 метрге жуық (шамамен 96.5 см). Шығыс Азияның теңіз саудасы негізінен екі ірі бағытқа бөлінген: шығыс бағыты (Дунъян) және батыс бағыты (Сиьян). Шығыс бағыты Лусон аралына (қазіргі Филиппин), Сулу архипелагына және Бахаят аралдарына (қазір-

гі Молукка аралдары) дейін жеткен. Ал батыс бағыты Үндіқытай түбегі жағалауы мен Малай түбегі арқылы өтіп, Ява аралының батысындағы Бантен портына дейін созылған. Ең тиімді әрі табысты сауда Цюаньчжоу (Қытай) мен Манила (Филиппин) арасындағы бағытта жүргізілген, мұнда Американың күмісі (мысалы, Мексика мен Перуден келген) үлкен көлемде айырбасталған. Батыс бағыты бойынша, Бантен порты уақыт өте келе Ялѳуба (қазіргі Джакарта) портын ығыстырып, жетекші сауда хабына айналды.

Бұл дәстүрлі теңіздегі сауда жолдары қазіргі өзінде Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиялық бағдарламасының тарихи сүрлеуі немесе негізі болып отыр. Тарих өткеннің ісі болса да келешекке көш басшы деген түсінік осындай тарихи дүниелерден қалыптасады. Егер, Қытайда ескі заманнан қалыптасқан теңіздік сауда жолының сорабы болмаса, қазіргі заманғы сауда жолдарының ізашары болмас еді. Тарихи тәжірибелер қазіргі геосаясат пен геоэкономикалық жағдайдардың дамуына өзіндік ықпал етіп отырғанын осыдан көруге болады.



2-сурет – Селденнің Қытай картасы (*Шығыс-Батыс мұхиттарының теңіз картасы*), Оксфорд университетінің Бодлеан кітапханасының коллекциясынан, қор нөмірі: MS. Selden supra 105, (Bodleian Library-17th century).

Карталар – өркениеттің қалыптасуының негізгі өлшемдерінің бірі бола алды. Картографияны өркениеттердің өміршеңдігі мен құлдырауының басты факторларының бірі ретінде атауға да болады. Мәселен, Рим, Осман және Британ империялары салық салу, әскери жорықтар мен әкімшілік басқару үшін картаға сүйенген. Сондықтан сол кезеңдерде картография өндірісі жақсы дамыды. Бұл картографияның – жер мен халықты иелену мен бақылау және

басқарудағы биліктің таптырымас тәсілінің бірі болғанын көрсетеді. Отаршылдық дәуірлерде карталар байырғы халықтардың жерлерін жаңаша сипаттап, әуелгі табиғи болмысын, кеңістік сипатын өзгертіп жіберді. Бұған дәлел ретінде XIX ғасырдағы ұлттық картографияның қазіргі ұлттық мемлекеттердің қалыптасуында шешуші рөл атқарғанын айтуға болады. Өзінің әуелгі атынан айырылып, жаңаша атқа ие болған жер атаулары Қазақстанда аса көп. Мәселен еліміз-

де 120 мыңдай географиялық атау бар болса, оның 91,7 мыңы жеке географиялық объектілердің атаулары. Соның 32,4 мыңы оронимдер, 27,0 мыңы гидронимдер, 24,6 мыңы елді мекен атаулары. Алайда қазақ жерінің орасан көп атаулар әлі күнге дейін бір жерге толығымен жиналмай, жүйеленбей және жан-жақты зерделенбей келеді. (С. Әбдірахманов, 27.11.2013). Міне бұл еліміздегі отаршылдықтың зардабының ұзақ әрі жалғасты түрде жүрілгендігінің бір көрінісі.

Карталардың тағы бір маңызды функциясы ретінде олардың саяси құдыретін айтуға болады. Қазіргі күрделі геосаяси ахуалда тарихи карталардың қызметі тіпті де маңызды болып отыр. Олар – шекаралық келіссөздерде, ресурстарға қатысты дау-дамайларда және дипломатиялық қақтығыстарда пайдаланылатын стратегиялық құралдар болып табылады. Оның үстіне карталар геосаяси мақсатта жиі қолданылады. Мәселен карталар БҰҰ-ның Теңіз құқығы жөніндегі конвенциясы бойынша айырықша экономикалық аймақтарды (EEZ) анықтауға негіз болады.

Қазіргі таңда карталардың маңызды қолданыс аясының бірі – Қақтығысты кеңістіктер. Қазір әлемде тынышсыз аймақтар мен бұрыннан қалған дау-дамайлы жерлер көп. Осылардың арасындағы мәселелерді шешуде тарихи карталардың маңызы айрықша. Мысалы, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін шекаралардың қайта сызылуы этникалық және саяси сәйкестіктерді түбегейлі өзгертіп жіберді. Ал бұл жағдай қазіргі уақыттағы әлемдегі тұрақсыздыққа негіз болып отыр. Мәселен, Постколониялық Африкада отарлық кездегі жасанды шекаралар қазіргі қақтығыстардың себебіне айналып отыр. Конго мен Нигер өзендері алаптарында барлық державаларға сауда жасау мен кеме қатынасы еркіндігін қамтамасыз етуді; Құл саудасын тыйым салуды көздеді; Сонымен бірге, отарлық иемденулердің заңдылығын (34 және 35-баптар) жариялады; Конференция шеңберінде өткен екіжақты келіссөздер нәтижесінде, қатысушы елдердің Африкадағы иеліктерінің кейбір шекаралары нақтыланды (Jeffrey C. Stone -1988, 57-64). Бірақ шекаралық бөлістерді бейнелейтін карталардың тиімді, не тиімсіз тұстары да кездеседі. Мәселен, Кеңес дәуірінде Орталық Азияны этникалық республикаларға бөлу науқаны қазіргі ұлттық мемлекеттердің бой көтеруіне заңдық-құқықтық негіз болды. Деседі, аймақ елдері арасындағы жерге талас мәселесіне де түрткі болып отыр. Алайда көршілес жатқан елдердің дипло-

матиялық жұмыстарының нәтижесінде Кеңес кезінен қалған шиленісті ошақтардың мәселесі күн тәртібінен біртіндеп алынып, оң шешімін тауып келеді.

Адамзат қоғамы үздіксіз дамып, ғылым мен техниканың өркендеген уақыты саналатын ХХІ ғасырдағы цифрлық картография дәуіріне де аяқ басты. Бұл күнде жер серігі технологиясы, ГАЖ (географиялық ақпарат жүйелер) және цифрлық картография әлемдік геосаяси үдерістердің ақпаратты құру, тарату және талқылау тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Кибер-картография қазір қауіпсіздік жоспарлау, апаттарға әрекет ету және үгіт-насихат істерінде маңызды рөл атқарып отыр.

Міне осындай ғылым мен техника дамыған қазіргі кезеңде мұсылман елдерінің ғылыми әлеуеті Батыстық елдерден кейін қалып қойды. Қазіргі геосаяси теке-тірестердің салдарынан орын алып отырған аймақтық соғыстарда ислам елдерінің әлсіздік танытып отырғанын көріп отырмыз. Алайда, адамзаттың даму тарихында исламдық құндылықтар салтанат құрған елдерде де білім мен ғылымның дамығанын білеміз. Соның бір саласы – Ортағасырлық исламдық әлеміндегі картография саласының дамуы еді.

Бұл кезеңде картография екі бағытта дамыған болатын. Оның бірі ислам әлеміндегі картография болса, екіншісі – христиан Еуропа картографиясы еді. Бұл түрдегі карталарда киелі кітап негізіндегі теологиялық жүйе бейнелесе, ислам әлемінде олар грек классикалық білімі мен эмпирикалық бақылауды біріктіріп, географиялық тұрғыдан неғұрлым нақты әрі дәл көріністер ұсынды. Ашалап айтқанда, ислам әлемі картографияны эмпирикалық және математикалық негізде дамытты. Сонымен қатар, бұл карталарда космологиялық және рухани ұғымдар да сақталған. Исламдық картография грек географиясынан (әсіресе Птолемейден) бастау алып, астрономия, математика және жергілікті бақылаулармен ұштасты.

Ислам космологиясы – Құран мен хадистер негізінде кеңістік пен география туралы түсініктерді қалыптастырды. Бірақ христиан карталарындай қатаң символизм болмады. Мұсылмандар әлемді Алланың жаратқан белгілерімен тануға шақырды. Бұл географиялық әдебиеттің және ғылыми картографияның гүлденуіне жол ашты.

Әл-Идрисидің жұмысының басты ерекшеліктері:

- Карталарда оңтүстік жоғарыда орналасқан – бұл ислам картографиясында жиі кездесетін тәсіл;

- Өзендер, таулар мен сауда жолдары дәл көрсетілген;

- Саяхатшылар мен жергілікті тұрғындардан жиналған этнографиялық және сауда деректері қамтылған;

- Ислам әлемінің көпұлтты және өзара байланысты табиғатын көрсететін космополиттік көзқарас.

Әл-Идрисидің еңбектері ислам картографиясының ғылыми дәлдік пен мәдени әртүрлілікті қалай үйлестіре алғанын көрсетеді және ол ортағасырлық географияға жоғары стандарт орнатты.

Осы орайда ортағасырлық Ислам әлеміндегі карталарының басты қызметтерімен де танысып өтейік. Ислам карталары әртүрлі мақсатта қолданылды:

- **Діни бағдар:** Құбыла (Меккеге бағыт) анықтау – географиялық ғылымның маңызды практикалық қолданылуы болды. Бұл дәл кеңістіктік есептеулерді талап етіп, тригонометрия мен сфералық геометрия салаларында жаңалықтар әкелді.

- **Әкімшілік бақылау:** Аббасидтер мен кейінірек Осман империясы карталарды жерді есепке алу, салық салу және әскери жоспарлау мақсатында қолданды.

- **Сауда және навигация:** Теңіз карталары (мысалы, жағажайлар) Қызыл теңіз, Үнді мұхиты және Жерорта теңізі бағыттарында навигация үшін жасалып, алыс қашықтықтағы сауданы жеңілдетті. Сонымен қатар, әл-Бируни мен кейінгі Осман ғалымдары жасаған космографиялық карталар ғаламды құдайлық үйлесім жүйесі ретінде бейнелеп, географияны астрология, астрономия және метафизикамен ұштастырды. Қорыта айтқанда, орта ғасыр дәуірі (шамамен V ғасырдан XV ғасырға дейін) картографияға діни идеология, символдық ғарыштық түсініктер және қалыптаса бастаған эмпирикалық бақылау үлкен әсер еткен кезең болды. Христиандық Батыс әлемінде де Ислам әлемінде де карталар жай ғана географиялық құрал емес, рухани сенімдердің, зияткерлік дәстүрлердің және саяси ұмтылыстардың көрнекі көріністері болды. (J. B. Harley and David Woodward, 2020: 622)

Сол тұста әл-Идрисиден сырт, ислам картографиясының дамуына зор үлес қосқан тағы бір ғалым болды. Ол ислам картографиясының алғашқы көрнекті өкілдерінің бірі – Мұхаммед

әл-Хорезми (шамамен 780–850 жж.) еді. Оның Кітап Сурата әл-Ард (Жер бейнесі туралы кітап) еңбегі Птолемейдің координаталарын түзетіп, кеңейтіп, экватор мен бастапқы меридианның алғашқы үлгілерін ұсынды. Әл-Хорезми Бағдаттағы «Даналық үйінің» мүшесі болды, бұл мекеме антикалық географиялық еңбектерді сақтау мен аударуда маңызды рөл атқарды. Оның карталары символдық емес, математикалық дәлдік пен астрономиялық бақылауға негізделді, бұл Исламның Алтын ғасыры кезінде ғылыми географияның іргетасын қалады.

Ал христиандық Еуропаға келер болсақ, олардың карталарында сенімнің символдық географиясы негіз болды. Бұл бағыттың басында Александриялық грек-рим ғалымы Клавдий Птолемей (шамамен 100–170 жж.) тұрды. Бұл картография тарихындағы бетбұрысты кезең еді. Оның «География» атты трактаты ғасырлар бойы жиналған географиялық білімді жинақтап, алғаш рет әлемді координаталық жүйемен – ендік пен бойлық арқылы бейнелеу идеясын ұсынды. Птолемейдің жүйесі математикалық тұрғыдан жетілген ғана емес, сонымен қатар, теориялық тұрғыдан да төңкеріс жасады. Алғаш рет карталар тек символдық бейнелеу емес, кеңістіктің өлшенетін үлгісі ретінде құрылды. Оның карталары әлем туралы шектеулі біліміне байланысты кейбір қателіктерге ие болса да, Птолемей қалыптастырған теориялық негіз ислам, Византия және Еуропа картографтарына мың жылдан астам уақыт бойы ықпал етті. Маңыздысы – Птолемей карталары ғылыми дәлдігіне қарамастан, символикалық мәнін сақтап қалды. Қалалардың орналасуы, кей территориялардың қамтылуы немесе еленбеуі мәдени басымдықтар мен таным шекараларын көрсетіп отырды. Осылайша, картография эмпирикалық әдіске бет бұрса да, дүниетаным құралы ретіндегі рөлін жоғалтқан жоқ. Қорыта айтқанда, орта ғасырдағы христиан Еуропасында картографияны яғни физикалық кеңістікті емес, құтқарылу тарихын бейнелеуге арналған әлем карталары үстем етті. Бұл карталар тәрбиелік және астарлы мәнге ие болып, жол жүру немесе навигация мақсатында емес, адам өмірін құдайлық жоспар аясында орналастыруға бағытталды.

Орта ғасырлық христиан картографиясының ең танымал түрі – «Т-О» пішінді карталар. Бұл карталарда әлем үш бөлікке, яғни Азия, Еуропа және Африка материктеріне бөлінген. Мұндағы «О» формасы – әлемді қоршап тұрған мұхиттық шеңберді білдіреді. «Т» пішіні болса, үш мате-

рикті бөліп жатқан су жолдарын көрсетеді. Мысалы, Еуропа мен Африканы бөліп жатқан Жерорта теңізі, Африка мен Азияны бөліп жатқан Ніл немесе Қызыл теңіз және Азия мен Еуропаны бөліп жатқан Дон (Танаис) өзені, Эгей, Азов, Қара сондай-ақ өге бұғаз, теңіздерді бейнелейді. Ал Карталардың орталығында Иерусалимнің орналасуы сол кезде теологиялық түсініктің барынша үстемдігін көрсетсе керек. Теологиялық басымдылықтың тағы бір көрінісі – картаның жоғары жағының Шығысты көрсетуі немесе Картаның Шығыс бағытының жоғары жақта тұруы. Оның мәні Шығыс – жұмақ бағыты және Иса Христостың қайта тірілуіндегі жер бетіне келетін түсын меңзейді. (*Бағыт айқындаудағы*

«ориентация» сөзі ежелгі латынның «Oriente» – Шығыс деген сөзінен шыққан. Ол сөздің түбірі – «oriri», яғни «шығу», «көтерілу» деген мағына береді. Осыдан «oriens» (көтерілетін, шығыс жақ) сөзі пайда болған және біртіндеп күннің шығатын бағытын немесе шығысқа қатысты қолданылған. Қ.С.). Бұл түрдегі карталардың ішінде ең әйгілісі біз жоғарыда айтып өткен Херефорд Марра Мунди болып табылады. Ол 500-ден астам жазбаны қамтиды. Онда карталардан бөлек, Киелі кітаптағы оқиғалар, мифтік тіршілік иелері мен белгілі қалалар бейнеленген. Сондықтан ескі карталарды тек қана жол бағытын айқындау ғана емес, рухани бағдар беруге де арналған еңбек деп бағалауға болады.




Fig. 1 • (left) T-O map in a Sallust manuscript, 12th century (Biblioteca Vaticana). (right) T-O map in the printed edition of Zacharias, *Orbis breuiarium*, Florence 1493.

3-сурет – Т-О формасындағы карталар (Bagrow L.1964:)

Алайда сақталып қалған тағы бір маңызды тарихи карта бар, ол – Мадаба мозайкасы, шамамен 590 жылы жасалған (*Қазір Иорданияның Мадаба қаласындағы Сент-Джордж немесе Әулие Георгий шіркеуі*). Сондықтан Мадаба қаласының атымен аталған. Карта 1889 жылы осы қаладан табылған. Зерттеушілер оны христиан әлеміндегі алғашқы карта ретінде сипаттайды. Ол бастапқыда шіркеудің еденінің бір бөлігі болған, кейіннен қалпына келтірілген.

VII ғасырдың басында Мадабаны Сасанилер империясы басып алды, мозаиканың бір бөлігі жойылды. Алайда карта қатты жер сілкінісінен, өрт апатынан аман қалды. 1964-1965 жылдары Германияның Палестинаны зерттеу

қауымдастығы (Deutscher Verein zur Erforschung Palästinas) артефактіні сақтап қалды және қалған бөліктерін қалпына келтірді. Толық болмаса да, сақталған карта бөліктерінде Батыс Азияға және Иерусалим қаласы мен Жерорта теңізі жағалауы егжей-тегжейлі суреттелген. Оның ішінде қазіргі Израиль, Палестина, Иордания мен Египеттің кейбір бөлігі бейнеленген. Ніл өзенінің атырауы, Өлі теңіз, Қара теңіз және бірнеше маңызды библиялық орындар белгіленген. Географиялық бағыт бойынша шығыс бағыты жоғары тұсында бейнеленген. Карта шамамен 2 миллион мозаикалық тастан құралған. Онда белгілі бір қалалар мен аймақтардың грек тіліндегі атаулары сақталған.



4-сурет – Мадаба мозайка картасы
(Картография и искусство: мозаичная карта из Мадабы. 2 октября 2022)

Бұл картаның ғылыми дәлдігін анықтау үшін біз көрнекті жазылған «ПНАΟΥС» –деген жер атын зерттеп көрейік. Грекше «ПНАΟΥС» деп берілген жазу ПАΦΟΥΣ (қазіргі грек орфографиясымен Πάφος) болып оқылады. Демек, ПНАΟΥС = Parhos (Пафос). Ал Пафос – қазіргі Кипр аралындағы тарихи қаланың аты. Ол не үшін үлкен әріптермен таңбаланды? Оның төмендегідей себептері болуы мүмкін: бастысы, ол ежелгі грек және рим дәуірінде маңызды мәдени және діни орталық болған; екіншіден, Афродита құдайының туылған жері ретінде кеңінен танымал (*Афродита – ежелгі грек мифологиясындағы махаббат пен сұлулық құдайы*); Үшіншіден, Жаңа өсиетте (Ізгі хабарларда) елші Павел (Апостол Павел) осы қалада уағыз жүргізген деседі. Ал енді осы ПНАΟΥС қаласының қазіргі Пафос қаласы екенін географиялық орналасуы бойынша салыстырып көрейік.

Картаның ғылыми дәлдігін нақтылай түсу үшін ескі картадағы ірі жазулармен жазылған «КАПРОССΥΜΕΣ» сөзіне мән беріп

зерттеп көрейік. Бұл сөз грек әріптерімен – ΚΑΠΡΟΣΥΜΟΣ немесе ΚΑΡΟΣΥΜΟΣ –деп жазылуы мүмкін. Библиялық немесе шығыс рим аймағындағы (Сирия, Иордания, Палестина) елдерін қамтыған тарихи мекен. Осы тұрғыдан назар салатын болсақ, бұл жердің қазіргі Араб түбегінің солтүстік аймақтары екенін аңғару қиын емес. Ал көне картадағы ақ түспен боялған жерлердің су айдыны екенін ескергенде бәрі нақтылана түседі. Алайда сан ғасыр бұрын салынған карталардан бүгінгі ғылым-техникалық жетістіктердің нәтижесінде ие болған карталарды салыстырып, толыққанды сәйкестік табу мүлде қиынсыз дүние. Деседе, ескі карталардан бүгінгі күннің шындығының сүрлеуін табуға болады. Бұл тарихи карталардың ең басты және ең маңызды берері болмақ.

Христиан және Ислам картографиясы арасындағы айырмашылықтарды салыстырып талдаудың өзіндік маңызын мақаланың басында атап өттік. Енді нақты ұстанымдар бойынша салыстырып шығайық.



5-сурет – Ежелгі Пнаоус қаласы мен қазіргі Пафос қаласының географиялық орнын салыстыру
(<https://www.google.com/maps/place/Paphos>)

1-кесте – Христиан және Ислам картографиясы арасындағы айырмашылықтарды символизм мен эмпиризм тұрғысынан салыстырмалы талдау:

Реті	Қырлары	Христиан Еуропасы	Ислам әлемі
1	Мақсаты	Теологиялық пайымдау	Ғылыми бақылау
2	Орталық нүкте	Иерусалим	Мекке немесе аймақтық орталықтар
3	Географиялық дәлдік	Символдық және астарлы	Эмпирикалық және математикалық
4	Мәдени ықпалдар	Киелі кітаптағы ғарыш түсінігі	Грек-рим ғылымы, Құран дүниетанымы
5	Қолданылу мақсаты	Тәрбиелік, шіркеулік	Навигациялық, әкімшілік және діни

Осы екі түрлі өркениеттің картография саласындағы жетістіктерін саралап қарайтын болсақ, ислам әлемінің картографиясының бүгінгі тілмен айтқанда ғылымилығы мен шынайылығы және өмірде практикалық тұрғыда қолданысы кең әрі жоғары болған. Демек, ортағасырлық дәуірде ислам дүниесінде білім мен ғылымның барынша дамығанын көруге болады. Мысалы, орта ғасырлардағы мұсылман даналары көптеген ғылымның негізін қалады. Медицинада Ибн Сина, алгебрада әл-Жабир ибн Хайян, химияда әл Хорезми, астрономияда Бируни, оптикада Ибн Хейсам, акустика мен музыкада Әбунасыр әл-Фараби, тригонометрияда Беттани, социологияда Ибн Халдун, кибернетикада әл-Жазаридің

есімі алдымен аталады. Ал поэзия мен әдебиетте, өнерде, философияда ислам даналарының есімі күні бүгінге дейін жаңғыра естіледі (Е.Әбіл, <https://egemen.kz/article.16.07.2011>). Алайда, ғылыми дамудың тоқырауы ислам әлемінің алтын ғасырынан кейін (VIII–XIII ғасырлар) басталды. Ақыл-ойға негізделген (философиялық) көзқарастың орнына діни билік күшейді. Бұл ғылыми ізденістің баяулауына және прогрестің тоқтауына себеп болды. Ішкі саяси қақтығыстар мен сыртқы соғыстар ислам әлемі саяси тұрғыдан бөлшектенуіне, әртүрлі әулеттер мен өмірліктер арасындағы кикілжіңге бастады. Бұл қақтығыстар ғылым, білім мен экономикалық дамуға кері әсерін тигізді. Осының салдарынан орталық би-

лікті әлсіретті. Міне осы тұста Еуропада Ренессанс, реформа және ағарту дәуірі басталды. Бұл қозғалыстар діни догмаларға қарсы ақыл-ойды, ғылыми әдісті және жеке ойлау еркіндігін алға тартты. Ғылыми революция және өнеркәсіп төңкерісі арқылы Еуропа технология мен экономика жағынан мұсылман әлемінен озып кетті. Мұсылман елдерінің артта қалуына экономикалық және сауда саласындағы құлдырауы да себеп болды. Географиялық ашулардың нәтижесінде теңіз жолдарының ашылуымен Жібек жолының маңызы төмендеді. Оның үстіне мұсылман әлемі сауда жолдары үстінен бақылауын жоғалтып, экономикалық тұрғыдан әлсіреді. Ал Еуропа отаршылдық арқылы байып, ресурстарын еселей түсті.

Қорытынды

Тарихи карталар – жай ғана географиялық нысандардың орындарын көрсететін құрал емес, ол адамзаттың ойлау жүйесінің жазбасы. Әрбір карта – өз дәуірінің мәдениеті, білімі және билік құрылымдарының бейнесі. Тарих карталарын зерттеу арқылы адамзаттың кеңістік туралы түсінігін мыңжылдықтар бойы қалай қалыптастырғанын және сол түсініктер бүгінгі әлемді қалай құрағанын аңғарамыз. Себебі, Тарихи карталар өзінің даму тарихында көп түрлі функцияны атқарып келді. Соның бірі биліктің немесе үстем күштің үгітші құралы болып қызмет атқаруы. Биліктегі күштер карта бетіндегі ақпараттарды қалыптастыру үшін өз көзқарастарына сай келетін элементтерге ерекше мән беріліп, қайшы келетін факторларды барынша жасырып көрсетуге тырысты. Аумақтық қақтығыстар, шекаралық шиеленістер, стратегиялық мүдделер, шабуылдар мен әскер қорғаныстар және басқа да геосаяси құбылыстар бәрі де толыққанды әділ, таза өтпегені анық. Міне осындайда, әркім өзінікін жөн көрсету үшін карталарда өз мүддесіне ыңғайлы етіп бейнелеуге тырысады. Сондықтан картография идеологиялық ұстанымды негіз ететін ғылым саласы деп айтуға да негіз бар (Monmonier M. 1996).

Орта ғасыр кезеңінде картография тек техникалық шеберлік емес, сонымен қатар мәдени тіл ретінде дамыды. Ол діни ықыласты, империялық мақсатты және ғылыми қызығушылықты бейнелейді. Еуропадағы *mappe mundi* құтқарылу мен символдық тәртіпті картаға түсірсе, ислам картографтары эмпирикалық ізденісті қасиетті ниетпен үйлестіріп, қазіргі географияның негізін

қалады. Христиан және ислам картографиясының бір-бірінен айырмашылығы мен толықтығы карталардың тек кеңістікті көрсету құралы емес екенін дәлелдейді – олар дүниетанымының, мәдени болмыстың және адам қиялының айнасы болды.

Картография ғылым ретінде дамып отырды. Ұлы географиялық ашулар кезеңінде (XV–XVII ғасырлар) дәуіріндегі картография – қазіргі заманғы картографияның іргетасы саналады. Кейінгі отарлық жағдайда карталар байырғы халықтардың жерлерін қайта сипаттап, отарлық басқаруды күшейту үшін қолданылды. Ал қырғи-қабақ соғыс кезеңіндегі карталар идеологиялық жауларды бұрмаланған түрде бейнелеп, геосаяси жіктерді күшейтті. Қазіргі таңда цифрлық төңкеріс және тарихи ГАЖ дәуірі басталды. XXI ғасырда картография цифрлық технологиялармен бірігіп, жаңа деңгейге көтерілді. Тарихи географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) тарихи оқиғалар мен демографиялық өзгерістерді кеңістіктік талдауға мүмкіндік береді. GIS-ке негізделген зерттеулер енді тек технологиялық мүмкіндікті емес, нақты тарихи интерпретацияларды ұсына алатын деңгейге жетіп отыр. Кейістік зерттеулер: теміржолдардың ауыл экономикасына әсері, АҚШ-тағы нәсілдік бөлініс, Ирландиядағы діни қақтығыстар, Қытайдың Бұрынғы дәуіріндегі территориялық саясат – барлығы кеңістіктік көзқарас арқылы сараланып зерттелген (Ian N. Gregory & Alistair Geddes. 2014: 232) Қазіргі әлемде карта бірқатар маңызды функцияларды орындайды: кеңістіктік құбылыстарды түсінудің қажетті құралы ретінде; ақпаратты, оның ішінде үш өлшемді деректерді сақтауға арналған ең тиімді құрылғы; Карталар мен олардың мазмұнын білу оны үйрену адамдар үшін маңызды саналатын болды. (Thrower, N. J. W. 2008:362)

Жинақтай айтқанда, Тарихи карталар – өркениеттердің дүниетанымын, идеологиясын және геосаяси ұмтылыстарын бейнелейтін бірегей дереккөз. Мақалада көрсетілгендей, ежелгі өркениеттерден бастап қазіргі цифрлық дәуірге дейін карталар адамзаттың өзін және әлемді түсінуінің негізгі тетігі болып келді. Бүгінгі таңда да тарихи карталар ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, шекаралық дауларды шешу және ақпараттық қауіпсіздік секілді маңызды міндеттерде шешуші рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, картография ғылымы 4.0 өнеркәсіп дәуірінде тарихи мұраны сақтаумен қатар, қазіргі заманның күрделі геосаяси процестерін де бағыттаушы

күшке айналып отыр. Сондықтан мемлекеттік-геосаяси тұрғыда бағалауда тарихи-географиялық көзқарастың мәні зор.

Халықтар арасындағы ең басты айырмашылық идеологиялық, саяси немесе экономикалық емес, мәдени және діни айырмашылық болып табылады (Samuel P. Huntington, 1996: 367). Мәдениеттер арасындағы, оның ішінде діни және ұлттық құндылықтар арасындағы сәйкессіздік адамзат қоғамындағы өркениеттер арасындағы қақтығысқа бастайтын басты жол. Өйткені, қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін идеологиялық және экономикалық қақтығыстардың орнына мәдени-өркениеттік қақтығыстар басым бола бастады. Қазіргі жаһандану жағдайында өркениеттер арасындағы өзара әрекетті артты, бірақ қақтығыста асқынбаса, бәсейген жоқ. Ал оның түпкі себебі сан түрлі құндылықтар арасындағы ертеден басталған пікір алауыздығы мен дүниетанымдағы алшақтықтарда жатыр. Соның маңызды бір саласы – тарихи карталардан да көрініс тауып отыр. Тарихи карталарды зерттеу өркениеттер арасындағы қақтығыстарды түсінуге және кейбір жағдайларда оларды тиімді реттеуге көмектеседі. Бірақ ол үшін қақтығыстардың себептерін, тарихи контекстін және өркениеттер арасындағы қарым-қатынастың динамикасын жақсырақ түсіну өте қажет. Мәселен, Тарихи карталар

шекаралардың өзгеруін, аумақтық даулардың шығу негіздерін көрсетіп, өркениеттер арасындағы тарихи байланыстарды, таралу аймақтарын, сауда жолдарын, діни және мәдени ықпалын түсінуге мүмкіндік береді. Осы арқылы белгілі бір аймақтағы өркениеттер арасындағы өзара ықпалдастықты ашып көрсетеді. Біз тарихи карталарды зерттеу арқылы, өткендегі қателіктер мен жетістіктерден сабақ алып, қазіргі қақтығыстарды болдырмауға немесе оларды реттеуге бағытталған дұрыс шешімдер таба аламыз. Алайда, Тарихи карталар кейде субъективті түрде жасалып, бір өркениеттің немесе мемлекеттің мүддесіне қызмет етуі де мүмкін. Мәселен, отаршыл елдер өз карталарында шекараларды өз мүдделеріне сай өзгертіп көрсетуі секілді. Сондықтан бұл арада тарихи шынайылық пен ғламдық тәртіптің маңызы зор.

АЛҒЫС

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» (BR24993132) тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

Әдебиеттер

- A map is a symbolic representation of selected characteristics of a place, usually drawn on a flat surface. <https://education.nationalgeographic.org/resource/map/>
- Bagrow L. (1964).** *History of Cartography*. Harvard University Press
- Bodleian Library. (17th century). *Selden Map of China: Navigation Chart of the East and West Oceans* (MS. Selden supra 105). Hand-painted map, Ming Dynasty. Oxford University// <https://old.shuge.org/ebook/selden-map-of-china/>
- Bromberg K.D., Bertness M.D. Reconstructing New England salt marsh losses using historical maps *Estuaries*, 28 (6), pp. 823-832, 10.1007/BF02696012. 2005 y.
- Bromberg, Levin, etc., Reconstructing New England salt marsh losses using historical maps *Estuaries*, 28 (6), pp. 823-832, 10.1007/BF02696012. 2010 y.
- Gumushqu. O. , *Tarihî Geografya*, Istanbul. Jeditepe Yayınevi (2010).
- Ian N. Gregory & Alistair Geddes. *Toward Spatial Humanities: Historical GIS and Spatial History*. Indiana University Press, ISBN: 9780253011862, 2014 – 232
- J. B. Harley and David Woodward, 2020: 622 *The History of Cartography, Volume 1* Cartography in Prehistoric, Ancient, and Medieval Europe and the Mediterranean Edited by J. B. Harley and David Woodward ©2020 | 622 pages
- Jeffrey C. Stone. Imperialism, Colonialism and Cartography. *Transactions of the Institute of British Geographers*. Vol. 13, No. 1 (1988), pp. 57-64 (8 pages). <https://doi.org/10.2307/622775>
- Monmonier, M. (1996). *How to Lie with Maps*. University of Chicago Press
- Samuel P. Huntington, Summary of «The Clash of Civilization and the Remaking of World Order» New York, NY: Simon and Schuster, 1996 pp 367
- San-Antonio-Gómez C., Velilla C., Manzano-Agugliaro F. Urban and landscape changes through historical maps: The Real Sitio of Aranjuez (1775–2005), a case study *Comput. Environ. Urban Syst.*, 44 (2014), pp. 47-58, 10.1016/j.compenurbsys.2013.12.001
- Thrower, N. J. W. (2008). *Maps & Civilization: Cartography in Culture and Society*. University of Chicago Press. 362 p
- Еркін Әбіл, Мұсылман әлемінің артықшылықтары әлдеқашан мойындалған. <https://egemen.kz/article>. 16 Шілде, 2011

Исследуйте знаменитую Мappa Mundi в Херефорде и уникальные средневековые сокровища. <https://www.themappamundi.co.uk/mappa-mundi/>

Картография и искусство: мозаичная карта из Мадабы. <https://violity.com/ru/publication/470-kartografiya-i-iskusstvo-mozaichnaya-karta-iz-madaby>. 2 октября 2022

Қ. Сарқытқан, Е.Ерболат, Н. Сәндібай, Тарихи карталар және геосаясат: байырғы мәдениет, мемлекеттік мүдде және шекаралық шиеленістер тұрғысында. Хабаршы. География сериясы. №2 (73) 2024. 44-58 б., <https://bulletin-geography.kaznu.kz/> <https://doi.org/10.26577/JGEM.2024.v73.i2-04>

Сламкүл ӘБДІРАХМАНОВ, Қазақ жерінің каталогы. «Егемен Қазақстан» 2013 жылдың 27 қарашасы

Авторлар туралы мәлімет:

Қастер Сарқытқан – география ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан), e-mail: kaster012@mail.ru

Сағыныш Көпенқызы Әмірбекова – PhD, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан), e-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru

Information about authors:

Kaster Sarkytkan – candidate of geographical sciences, leading researcher of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan), e-mail: kaster0102@mail.ru

Sagynysh Kopenovna Amirbekova – PhD, Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan), e-mail: sagynysh.amirbekova@mail.ru

Келін түсті: 23 мамыр 2025 жыл

Қабылданды: 19 тамыз 2025 жыл